

ЖШС «Нұр- Бөбек» мектепке дейінгі шағын орталығының меңгеруші
жанындағы кеңесі отырысының хаттамасы №3
22.12.2021 жыл Шымкент қаласы

Төрайымы - Т.А.Төлен.
Хатшысы - Ж.Айдарова
Қатысқандар – 10

Күн тәртібі

1. Жаңа жыл мерекесіне арналған дайындық:

- педагогикалық ресімдеу, музыка залын безендіру, топ балаларының киімдерін дайындау;
- ертеңгіліктің сценарийін, күнін бекіту;
- өткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша орталық меңгерушісі Т.А.Төлен жаңа жылдық мерекеге Оңтүстік цирк артистері шақырылатындығын айта келіп, әрбір топ өз өнерлерін, тақпақтары мен қойылымдарын дайындайтындықтарын айтты. Сонымен бірге «Сиқырлы қыс әлемі» сурет және қолөнер көрмесіне жұмыстар 24 желтоқсанға дейін өткізілуі керек, ал мереке 24 желтоқсан күні өтетіндігін хабардар етті.

Музыка залын безендіру бойынша эскиз жасау А.Базарбаеваға, ал безендіру топ тәрбиешілеріне, ертеңгілік сценарийін дайындау орталық әдіскері мен ән-күй жетекшісіне, топ балаларының киімдерін дайындау Т.А.Төленге, ертеңгілік кезіндегі балалардың денсаулығы мен өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаруашылық меңгерушісі мен медбикеке жүктелді.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер толығымен мақұлданды.

Шешім:

1. Жаңа жыл ертеңгілігі 2021 жылдың 24 желтоқсанында өткізілсін.
2. «Сиқырлы қыс әлемі» сурет және қолөнер көрмесі 2021 жылдың 24 желтоқсанына өткізілсін.
3. Безендіру жұмыстары топ тәрбиешілеріне жүктелсін.
4. Ертеңгіліктің өткізілуі және сценарийін жазу ән- күй жетекшісіне жүктелсін.
5. Балаларды киімдермен қамтамасыз ету шаруашылық меңгерушісіне жүктелсін.
6. Ертеңгілік кезіндегі балалардың денсаулығы мен өмір қауіпсіздігі шаруашылық меңгерушісі мен медбикеке жүктелсін.



Төрайымы

Хатшысы

Т.А.Төлен

Ж.Айдарова